

Қажы Мұқанның хаттары

1945 жылдың 26 маусым күні атақты палуан Қажымұқан Мұңайтпасұлы Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының төрағасы Әбдісәмет Қазақбаевқа хат жазады.

Хатты Қазақбаевтың көмекшілері алдымен қазақша шрифтіге түсіріп, артынан орысшаға аударған. Хат қарт палуанның басшыларға өкпе-назы мен өтінішін жеткізген. Хаттың мазмұнын дарынды ғалым Мұратхан Тәнекеев дұрыс түсінген.

1) Тұрақты зейнетақы тағайындаса;

2) Үй салып берсе;

3) Республиканың 25 жылдығында еңбегі ескерілсе деген өтініш болатын. Ел қиналған кездерде қолында барын аямаған қарт палуанның бұлай өтініш айтуға толық қақы бар еді.

Қазақбаев бұл мәселені шешу үшін Министрлер кеңесінің төрағасы Н. Оңдасыновқа хат жазады. «Бұл хатқа Н. Оңдасынов мынадай белгі соғады: **«Бейсембинов жолдасқа. Материалдар дайындап, ұсыныстар енгізіңіз».** Үкімет аппараты қызу іске кірісіп кетті.

1945 жылдың 21 тамызында Оңдасынов жолдастың атына Дене тәрбиесі және спорт істері жөніндегі комитеті председателінің орынбасары Гуннердің қолы қойылған бір топ ұсыныс түсті.

Ал 1945 жылдың қыркүйек айында жауапты қызметкер Қосубаев республика Халық Комиссарлары Советі Председателінің орынбасары А.П.Заговельевтің атына Қажымұқан ісіне байланысты нақты шаралар қабылдау үшін арнайы қағаздар дайындайды.

«Палуанның соңғы өтініші» атты мақаласында М. Хасанаев былай дейді:

«Бұдан соң Қажымұқан Мұңайтпасов жөнінде мынандай документтер жедел түрде даярланды:

1) Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының көрнекті қазақ палуаны, әлемнің абсолюттік чемпионы Қажымұқан Мұңайтпасовқа Қазақ ССР халық артисі атағын беру туралы Жарлығы

2) Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советінің көрнекті қазақ палуаны, әлемнің абсолюттік чемпионы Қажымұқан Мұңайтпасовқа дербес пенсия тағайындау туралы Қаулысы

3) Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советінің қазақ палуаны Қажымұқан Мұңайтпасовқа материалдық көмек көрсету туралы Қаулысы

Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі қаулы етеді:

1. Қазақ палуаны Қажымұқан Мұңайтпасовқа Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советінің қорынан 10 мың сом көлемінде көмек ақша берілсін.

2. Қазақ ССР Сауда істері жөніндегі Халық комиссариатын (Сапарғалиев жолдас) осы жылдың октябрь айында палуан Қажымұқан Мұңайтпасовқа 10 метр қой жүнінен тоқылған мата, 20 метр сукно мен 125 метр мақтадан тоқылған түрлі маталарды сату міндеттелсін.

3. Қазақ ССР Халық ағарту Комиссариаты мен Оңтүстік Қазақстан облыстық атқару комитеті палуан Қажымұқан Мұңайтпасовтың ұлы Айдарханды оқу жасына жетісімен орта мектептің біріне интернатқа мемлекет есебінен оқуға алу міндеттелсін.

4. Оңтүстік Қазақстан облыстық атқару комитеті мен Шәуілдір аудандық атқару комитетіне палуан Қажымұқан Мұңайтпасовқа арнап кішілеу үй (домик) салу ұсынылсын.

Бұған қоса Н. Оңдасынов Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің сол кездегі хатшыларының бірі Г.Б. Борковқа мынадай хат жібереді:

«Оңтүстік Қазақстан облысының Шәуілдір ауданында тұратын көрнекті қазақ палуаны Қажымұқан Мұңайтпасов туралы.

Қазір оның жасы 75-те.

...Біздер күні бүгінге дейін Қажымұқанның тұрмыс жағдайына қажатті көңіл аудармай келгенімізді мойындауымыз қажет. Сондықтан мынандай шаралар қабылдауды қажет деп есептеймін:

1) Туғанына 75 жыл толуына орай Қажымұқанды Қазақ ССР халық артисі атағына ұсыну. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1940 жылдың 2 июньдегі «Қазақ ССР-нің құрметті атақтары туралы» указында үздік шеберлігі үшін цирк қызметкерлеріне ондай атақ беру мәселесі қамтылған болатын.

2) Республиканың 25 жылдық мерекесіне орай Қажымұқанды одақтық наградаға ұсыну керек.

3) Қажымұқанға бір мезгіл ақшалай көмек көрсету және тұрмыс жағдайын жақсарту үшін өндіріс заттарын босату қажет.

4) Мектеп жасына толысымен Қажымұқанның ұлын интернатқа оқуға қабылдап, оған қажетті дене тәрбиесін беруді ұйымдастырған жөн.

5) Оңтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетіне Қажымұқан үшін кішілеу үй (домик) салуды тапсыру керек.

Осы мәселелерді іске асыру үшін Сіздің келісіміңізді сұраймын».

Осылайша бүкіл әлемге аты жайылған палуанның кішкентай өтініші есепке алынып, іске асатындай болып еді. Тіпті, күш атасы Қажымұқанның күрес өнеріндегі ерен еңбегін ескермеген күннің өзінде оның жетпістен асып жар таянған жасына, бұғанасы бекімеген жас баласына адамдық көзқараспен қарау әбден керек-ақ еді. Бірақ өкінішке қарай, бұлай болмады.

Әділін айту керек, сол кездегі республика үкімет басшылары Қазақбаев пен Оңдасынов секілді азаматтардың Қажымұқан жайына

аландап, шын қамқорлық танытуға талпынған іс-әрекеті Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінде қолдау таппады.

Жоғарыда келтірілген документтердің бәрі Қазақстан Коммунистік (большевиктік) партиясы Орталық Комитетіне тек 1946 жылдың март айында республиканың құрылғанына 25 жыл толған мерекенің думаны бәсеңдеген сәтте келіп түсті.

1946 жылдың 3 мартында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің секретары Борков Оңдасыновтан түскен ресми хатқа графитті қаламмен ойқастата жазып, мынандай белгі соғады: **«Әубәкіров жолдасқа! Министрлер Советі қаулысының соңғы жобасын дайындаңыз. Уақыты 12.ІІІ.»** Сосын «соңғы» деген сөз қара сиямен қайтадан белінен бір-ақ сызылған» (*«Палуанның соңғы өтініші» Марат Хасанаев. «Күш атасы. Естеліктер» кітабынан. Құрастырған Ғ. Тәшімбетов 321-330-бб.*)

М. Хасанаевтың осы мақаласына қарағанда Қажымұқанның арызы осымен бітті, шешілмей қалды, Қажымұқан өмірінің соңғы кезінде ауыр жағдайда қалып, жоқшылықтың азабын тартқан болып көрінеді.

Қыстаубай Байтуовтың «Ақталмаған үміт» атты мақаласы да тура осы сарындас. Бірақ сөйлемдерінде, тіпті даталарында, цифрларында өзгешелік бар.

Бір таңқаларлығы, Қажымұқанның республика басшыларына жазған екі хаты түрлі деректерде түрліше көрсетіледі. Мемлекеттік мұрағаттан алдық деп көрсеткенмен, сөз тіркестері мен сөйлемдерінде айырмашылық көп. Тіпті кей хатта бүтін сөйлем артық, басқа деректе ондай сөйлем жоқ. Тіпті кейбір цифрларда да айырма бар. Мысылы: М. Тәнекеев пен М. Хасанаев бірінші хатты 1945 жылдың 26 маусымында жазылған десе, Қыстаубай Байтуов 1945 жылдың 25 мамырында жазылған дейді. Бірінші хаттағы **«Мен өз өмірімнің 55 жылын күреске арнадым»** деген дерек кей дерек көздерінде **«45 жыл»** болып көрсетіледі. **«10-15 әскер семьяларына көмектесудемін»** деген сөйлем өзге деректе **«он шақты»** деп көрсетіледі.

Мұның себебін Ермек Жұмахметұлының «Алматы ақшамы» газетінде 2013 жылы жарияланған «Қажымұқанның белгісі екі хаты» атты мақаласынан тапқандай болдық.

«...Жақында Орталық мемлекеттік мұрағатта болғанымызда атақты балуанымыз Қажымұқан Мұңайтпасовтың бұрын-сонды өмір дерегінде көрсетілмеген екі хатына көзіміз түсті. Жоқшылық қысқан заманда 1945 жылы 26 маусымда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының төрағасы Ә. Қазақбаевқа жазған хатында атақты балуан өзінің ауыр мұқтажын айтып өз өтінішін білдіріпті.

...Хат әу баста қазақша жазылса да, ол сол тұстағы билік тарапынан орысшаға аударылыпты. Енді сол хатты қайтадан қазақшаға аударып отырмыз. Себебі хаттың түпнұсқасын көре алмадық.

Бірақ, Қажымұқанның қасында болған, көзімен көрген адамдар Қажымұқанның бір нәрседен таршылық көргені туралы айтқан емес. Керісінше:

оның қаншама адамға көмектескені (мысалға, осында айтылатын 10-15 отбасы);

үйіне келген қонақты қонақасын жегізбей жібермейтіні;

1945 жылдың күзінде ұлан-асыр той жасағаны;

сол аш деп жүрген кезеңде (1946) 40-ақ жастағы Мінәй апаның үстінен 22 жасар Бибіжанға үйленгені, одан 1948 жылы Жанәділ атты кенже ұлын сүйгені;

ал 1947 жылы ССРО-да ақша реформасы болғанда банкке бір қап ақша әкеліп ауыстырғаны айтылатын.

10-15 жанұяға көмектесіп жүрген адам қалайша аш болады?

Украиналық досы Иван Поддубныйдың қиын жағдайын естіп, өз ұшағының ұшқышы Қажытайға «Маған Поддубныйды әкеліп бер» деп өтініш жасағанына қарап ойланасың, «өзі аш болса, оған тағы бір аш алыпты әкеліп не қылмақшы? Бірге ашықпақ болған ба?» деп ойланасың. Бірақ, терең тексере келе бұның бәрі қате пікір, шала зерттеу екенін анықтадық.

Себебі, осы Қажымұқанның хаттары туралы жазған зерттеушілердің барлығы аяғына дейін толық зерттемеген. Шолақ қорытынды жасаған.

Серік Байхонов «Алты құрлықты аузына қаратқан» атты мақаласында «Өткеннің бәріне тас атуды әдетке айналдырған соңғы жылдары баспасөз бетінде: «Балуан өмірінің соңғы жылдары қиындықпен өтті. Осыдан келіп жетпіс жасқа келгенде ел жағалап көмек сұрауға мәжбүр болды» деген пікір қылаң беріп қалып жүр.

Тіптен де олай емес. Балуан өмірінің соңы Қараспан тауының етегінде, бұрандап аққан сұлу Арыстың жағасында, ағайын-туғанның ортасында өтті. Қиын-қыстау соғыс жылдарына қарамастан, ел-жұрты жылы-жұмсағын ардагерінің аузына тосты. «Қазақ даласының Батыры» деген құрметті атақ берді. Ежелгі қазақ дәстүрімен бір емес, екі бірдей келіншек әперді» деп жазыпты.

Тек дарынды ғалым Мұратхан Тәнекеев өзінің «Палуанның алғашқы және ақырғы өтініші» атты мақаласында 1945 жылғы 26 маусым күні Ә. Қазақбаевқа жазған хатында «...палуан «көшіп кетемін» деп қорқытуды көздемеген, ...өзіне шақтылық күнкөріс қаражаты, яғни зейнетақы тағайындау үшін үкімет көмегін сұраған» деп тура көрсетеді.



Бірақ, Қажымұқанның еңбек кітапшасының болмауы бұл мәселені шешуге кедергі болады. Сондықтан басшылар ақылдаса келе, Қажымұқанға «Қазақ ССР халық артисі» атағын беру арқылы тұрақты зейнетақы тағайындамақ болған. Өкінішке қарай, бұл жоспар сол кездегі Қаз КП ОК хатшысы Г.Б. Борковтың кесірінен іске аспай қарған.

Барлық зерттеушілер осыменен бітті деп тоқтап қалады. Аяғына дейін тексермеген. Олардың көпшілігі, менің білуімше, хаттардың түрнұсқасын көрмеген.

Біз осының қаншалықты шындыққа жақын екенін тексердік. Себебі Қажымұқан еш уақытта аш болмаған және өзі хат жазуы мүмкін емес. Ә. Бүркітбаевтың «Қажымұқан қағанаты» атты кітабының 185-бетінде «Мен

хат танымаймын, бұл қағазды Вейландқа жаздырып едім, – Қажымұқан жайбарақат түрде жайын айтты» деген дерек бар. Осыған сенсек, атамыз жазу жағына жоқ болған.

Республикалық мұрағатты ақтарып отырып, Қажымұқанның атынан жазылған 4 хатты таптық. Олардың біреуі латын әрпімен қазақ тілінде, енді біреулері кириллицамен қазақ тілінде, ал бір жерлерде кириллицамен орыс тілінде жазылыпты. Қолтаңбалары әр түрлі.



Бұл палуанның хаттарын бір адам емес, бірнеше адам жазғанын білдіреді. Кейде тіпті хаттың мазмұнын Қажымұқанның өзі білмеген де секілді. Себебі хаттарда Қажымұқан айтуы мүмкін емес сөздер де кездеседі.

1945 жылдың 26 маусымындағы хаттың оригиналында былай жазылған:

**«Қазақстан өкіметінің Ақсақалы жолдас Қазакбаев Абсәметке
қазақтың атақты палуаны Мұнайтбасов Хажмұханнан
Өтініш**

Мен 55 (?) палуандық істеп, талай өлімдерден қалып, тек Америкадан басқа елдердің бәрін араладым. 75 жасқа келдім. Тұрмыс нашарлау... 10-15-дей қызыл әскерлер семьяларына да айналамдағы көмектесемін.

Маған Шәуілдір ауданының беріп отырған көмегі қанағаттандырмайды, белгілі продукты жоқ. Анда-санда 1-2 пұттап райторг арқылы берген болады. Қаракөл совхозы, Овцевод совхозы, қатар жатқан Шаян ауданы (секретары Шураев) да көмектеседі.

Мен өткен жылда Отан қорғауға 100 мың сом ақша жібердім. Осы марттан бастап Отан қорғау пайдасына 3-4 гектардай жүгері егіп, соны 5 жасар Айдар атты баламмен бірге кетпендеп жатырмын.


Қазақстан өкіметінің 25 жылдық мерекесі құтты болсын.

Менің төбе құрлы атым шықпады.

Мен сайып келгенде бау-бақшалы, жемісі мол, қалалы жер, тым болмаса көшесінің атын менің атыма қойып тәрбиелер деген оймен

**Өзбекстанға барғым келеді. Сондықтан маған Қазақстаннан
Өзбекстанға өтуге рұқсат етіңіз деп өтініш хат жазған Хажмұхан.
26/VI-45 г».**

Осы қолжазба хатты А. Қазақбаевтың көмекшілері кириллицамен шрифтіге түсіріп, артынан орысшаға аударыпты.



Осындағы 55-тен кейін ештеңе жазылмапты. Оны «55 жыл» деп алыпты. Бірақ Қажымұқанның Петербургтегі Иван Лебедевтің мектебіне

түсетін 1902 жыл мен НКВД-ден қашып Ақтөбеге ауылындағы ағайындарына келетін 1937 жылдың арасында 35 жыл ғана бар. Оның ішінен атбағар болатын, түрмеге қамалатын жылдарды алып тастасақ, 30-ақ жыл қалады. 30 жыл ауыр спортпен айналысу да өте ұзақ мерзім.

Ал «55 жыл» емес, «55 елде» деп алсақ, «Америкадан басқа 55-елде палуандық істеп...» болып шығады. Бұл шындыққа келеді. Сәбит Мұқанов Қажымұқанның «56 елде күреске түсіп, 56 медаль алғанын» айтып мақтанғанын жазған.

Бірақ, Қажымұқан Америка құрлығында бір емес екі рет (1910, 1914) болған. Оны қалай ұмытқан?

1910 жылы аяғы ауыр әйелі Бәтиманы Еуропада қалдырып Американың бар палуанын жеңіп оралса, 1914 жылы Нью-Йорктегі жеңісі туралы Әлімқұл Бүркітбаев «Қажымұқан» атты зерттеу еңбегінде *«Қажымұқан Нью-Йоркте бір айдан астам болды. Құрлықтың ең күшті атлеттерімен айқасып, шетінен жықты»*.

...Бұл жеңісті сол кездегі жергілікті газеттер қаз-қалпында жазды. Баспасөздің жалпы пікірі мынандай болды: егер де қазір американың жерінде еркін күрестен әлемдік чемпионат өткізілсе, чемпиондық тұғырға тек Қажымұқан көтерілетініне зәредей де күмән жоқ» (Қазақтың Қажымұқаны. 206-б.) дейді.

Бұлардан шығатын қорытынды, Қажымұқан бұл хаттарды өзі жазбаған, тіпті кейбір хаттардың мазмұнын білмеген де сияқты.

Сондықтан бұл хаттардағы деректерді нақты сенімді дерек көзі ретінде қабылдай беруге болмайды, тексеруге, зерттеуге тура келеді.

Жоғарыда республика басшылары Ә. Қазақбаев пен Н. Оңдасыновтың ҚазКП ОК секретары Г.Б. Борковтың қиқарлығынан кейін де тоқтап қалмағанын айтқан едік. Енді соны баяндайық.

1945 жылы қыркүйек айында жауапты қызметкер Қосубаев республика Халық Комиссарлары Советі Председателінің орынбасары А.П. Заговельевтің атына Қажымұқан ісіне байланысты нақты шаралар қабылдау үшін арнайы қағаздар дайындайды.

«Қазақ халқының палуаны Қажымұқан туралы»

...мынандай шаралар қабылдауды қажет деп есептеймін:

- 1) ...Қажымұқанды Қазақ ССР Халық артисі атағына ұсыну;**
- 2) Қажымұқанға 500 сом көлемінде өмір бойғы дербес пенсия тағайындау;**
- 3) Қажымұқанға бір мезгіл ақшалай көмек беру;**
- 4) Үй-ішілік тұрмысын жақсарту үшін Қажымұқанға бір мезгіл өндіріс заттарын беру;**
- 5) Оңтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетіне дәл қазір Қажымұқан тұрып жатқан колхозда ол үшін кішілеу үй (домик) салып беруді ұсыну;**

6) Халық ағарту комиссариаты мен Шәуілдір аудандық атқару комитетіне Қажымұқанның ұлын, жасы оқу жылына жетісімен интернатқа орналастыруды ұсыну;

7) Қазақстан советтік Жазушылар одағы мен Қазақ ССР Ғылым академиясының тіл және әдебиет институтына Қажымұқанның өмірі мен қызметі туралы кітап жазуды тапсыру;


8) Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советінің жанындағы дене тәрбиесі және спорт істері жөніндегі комитетіне Қажымұқанды халықтық-ұлттық спорт түрлерінен өтетін республикалық барлық жарыстарға құрметті қазы ретінде шақырып отыру міндеттелсін;

9) Қазақ ССР-інің құрылғанына 25 жыл толуына орай Қажымұқанды үкімет наградасына ұсыну».

Осылардың қалай орындалғаны туралы төмендегіні айта аламын:

1) «Қажымұқанға Қазақ ССР халық артисі атағын беру» ісі Борковтың кесірінен орындалмай қалды. Ол Қажымұқанға пенсия тағайындау үшін ғана керек еді. Шындығында Қажымұқанның 1927 жылы Қазақ ССР Орталық Атқару комитетінің Президиумының шешімімен берілген «Қазақ даласының батыры» деген атағы бар болатын.

2) СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1945 жылғы 16 қарашадағы Жарлығымен Қажымұқанға «Құрмет Белгісі» ордені берілді.



3), 4) **«Бір мезгілдік көмек беру мәселесі»** қалай шешілгені белгісіз, ешқандай құжат кездеспеді. Мүмкін, миллиондаған қағаз арасынан байқамаған болармыз.

5) Совминнің тапсырмасы бойынша Оңтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің төрағасы С. Дәуленов Қажымұқанға **«Шымкентке көшіп келіңіз, үй салып береміз»** деген ұсыныс айтады. Бұған Қажымұқанның Ә. Қазақбаевқа жазған хатында **«...бау-бақшалы, жемісі мол, қалалы жер, тым болмаса көшесінің атын менің атыма қойып тәрбиелер»** дегені себеп болса керек. Оның үстіне соғыстан кейін жиілеп кеткен той, жарыстарға Қажымұқанды алыста жатқан Ақтөбе ауылынан жеткізу де көп қиыншылық келтіріп жүрген. Осыған орай С. Дәуленов Қажымұқанға үйді облыс орталығынан салып бермек болыпты. Бірақ палуан **«Қалада тұра алмаймын, ауасы жақпайды»** деп бас тартыпты. Басшылар Қажымұқанмен ақылдаса келе Қажымұқанды облыс орталығына жақын Темірланға көшіріп, осында үй салып беруге келіседі.

Осы уәде бойынша Қажымұқан отбасымен 1946 жылдың жазында Темірланға жақын Нұралы бұлағының басына көшіп келіп отырады. Басшылар Темірланнан үйді осы 1946 жылы бастағанмен бұл жылы үй бітпей қалып, Қажымұқанды бір қыс ескілеу бір үйге қыстатады. Ал келесі, 1947 жылы үй бітіп, Қажымұқан отбасымен осы жаңа үйге кіріп, өмірінің соңғы қысын қыстап шығады. Қажымұқан қайтыс болғаннан кейін де осы үйде ұрпақтары 58 жыл тұрған. Тек 2006 жылғы су тасқыны кезінде үйге зиян келгендіктен үй бұзылып, орнынан қазір одан сәл үлкенірек үй салынған.

6) Қажымұқанның ұлы Айдарханға арнайы пенсия тағайындап, оқытқан.

7) Н. Оңдасынов Қазақ ССР Ғылым академиясының тіл және әдебиет институтына Қажымұқанның өмірі мен қызметі туралы кітап жазуды тапсырады. Бұл тапсырманың қалай орындалғаны туралы филология ғылымдарының кандидаты Әуелбек Қоңыратбаев өзінің «Баһадүр» атты естелігінде былай баяндайды **«1946 жыл болатын. Менің Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл-әдебиет институтында қолжазбалар бөлімінің меңгерушісі болып қызмет істеп жүрген кезім. Көркем әдебиет секторынан мені Ғабит Мүсірепов іздепті.**

...Менің Қажымұқанмен жақсы таныстығымды білген соң:

– Онда дұрыс болды. Бүгінде ол кісі егде тартып отыр. Біз болсақ күнделікті күйбеңмен батырдың өмірбаянын жазып алуды да ескермеппіз. Осы бір іс біздің бөлімге жүктелген еді, соның сәті түспей жүргені. ...Осы сапарға барып қайтсаң қайтеді? – деп өтініш білдірді.

Мен келісімімді бердім де, ұзамай жолға шықтым.

...Осы сапарымда мен палуанның үйінде май айының 15-25 аралығында он күндей болып, оның аузынан көптеген қызықты деректер жазып алған едім».

Осы жолы жинаған деректері негізінде Әуелбек Қоңыратбаев Қажымұқан туралы **«Баһадүр»** атты кітабын шығарды.

1948 жылы Қалмақан Әбдіқадыровтың да «Қажымұқан» атты кітабы шығарылды. Бұл деректерді Қажымұқанның өзі 1941 жылдың көктемінде Алматыға іздеп барып, Қ. Әбдіқадыровтың үйінде 23 күн жатып, айтып берген еді.

2) Ең негізгісі Қажымұқанға тұрақты пенсия тағайындау ісін шешу үшін Н. Оңдасынов пен Ә. Қазақбаевтар ақылдаса келе халықтың ұсынысымен, қолдауымен шешуді дұрыс деп табады. Сол үшін Олар Қажымұқан сол кезде тұрып жатқан Ақтөбе колхозы мен Шілік ауылдық кеңесінен бастап төменнен жоғары қарай ұсыныс түсіртеді.

Бұл ұсыныстардың арнайы ұйымдастырылғанын дәлелдейтін фактілер: 1) осы ұсыныс хаттардың барлығы бірдей Қазақбаевтың көмекшілері жіберген қателікті айнытпай қайталайды (Қажымұқан 75 жаста, 55 жыл күреспен айналысқан).

2) Ақтөбе колхозы мен Шілік ауылдық кеңесінің ұсынысы 1945 жылы 19 мамырда жазылса, Шәуілдір аудандық партия және Атқару комитеттерінің бірлескен шешімі олардан бұрын 1945 жылы 16 мамырда жазылыпты.


3) Бұл ұсыныстар өте жылдам іске асырылып, 1946 жылы 3 маусымда Н. Оңдасыновқа жетсе, 1945 жылдың 1 шілдесінен Қажымұқанға ай сайын 500 сом дербес зейнетақы тағайындалған.

Қажымұқанның 1945 жылы жазған хаты Қазақстан КП ОК хатшысы Борковқа бір жылдан кейін жетсе, бұл шешім қаншама инстанциялардан бір-ақ айда өтіп, пенсия тағайындалған.


Осы фактілердің бәрі бұл жоғарыдан арнайы ұйымдастырылғанын дәлелдейді.

Шәуілдір аудандық атқару комитетінің төрағасы Шегебай Жұмабаевқа Ақтөбе колхозының төрағасы Махан Мыңбаев пен Шілік ауылдық кеңесінің төрағасы Төле Талдыбаевтар қол қойған ұсыныс 1946 жылы 19 мамырда жазылған.

Онда Қажымұқанның еліміз алдындағы бар еңбегін баяндай келе өзіне өмірлік ай сайын 500 сом, ал балалары Құлымбет (1938 жылғы, Омбыда Ырыстыдан туған) пен Айдарханға (1940 жылы туған) мектеп бітіргенше айына 250 сомнан пенсия тағайындату үшін жоғары жаққа ұсыныс жасайды.



арнауда қаржыға берілген депрессия,
 2) Мақал мәжілісіне басалары / Қызылорда қонысқару ұжымы
 1838 н. тұрғы / 2, Қызылорда қонысқару ұжымы 1940 н. 15 ж.
 тұрғы арнасында айналып 250 сомдық мотары мен қызыл
 таулар ақша және меншік берілсе өкілдерінің сұрағына
 орайлардың және Қызылорда және 5 сомдық және
 өзінше тартылып тұрғы. Осымен мақал 13 мақал және мақал
 қазір 6 мақал, басқарушы тұрғылар 12-13 болса да.

 Шымық Сербетбай
 Председатель / Шымық Сербетбай /
 Ақтөбе ҚР
 Түрғылар / Шымық Сербетбай /

Осы ұсынысты негізге алып Шәуілдір аудандық Атқару Комитеті мен аудандық ҚК/б/П-ның бюросы біріккен мәжілісі мынадай шешім қабылдайды:

Решение.
 Объединенного заседания Исполкома и бюро РК КК/б/П
 от 16/У-1946 г. № 109/21 /Село Шаульдер/.

Присутствовали: Ахметов, Асенов /секретари РК / Аманжол
 /председатель исполкома /, Асенов /зам. прелс /,
 Аманжол /представитель Ли Кав.ССР /.

Объявлено 75 летия со дня рождения и 55 летия богатерис-
 кой деятельности Халжи-мукана /докладывали Ахметов, Аманжол,
 Аманжол /.

П о с т а н о в и л и:
 Принимая во внимание 55 летнюю богатерискую деятельность Халжи-
 мукана и преклонность его возраста просить пред. заседанием
 Обл. исполкома и бюро обн. Кав. Обкома парти войти с ходатайством
 перед правительством Казахстана об установлении Халжи-мукану
 Аманжолу персональной пожизненной пенсии по старости лет
 в сумме 500 руб. в месяц, двум сновьям - Айдархану и Кулумбету
 200 рублей каждому до окончания им средней школы.

Председатель Исполкома Шаульдерского
 рай совета депутатов трудящихся: /Аманжол /
 Секретарь РК КК/б/П /Ахметов /

В.И. Голосов /судья /
 25 мақал және 55 мақал /председатель /
 қажықару /қажықару /

Бұл шешім бойынша Қажымұқанға ай сайын 500 сом өмірлік зейнетақы, ал балаларына мектеп бітіргенше ай сайын 200 сом жәрдемақы тағайындау үшін жоғарыға ұсыныс түсіруге Оңтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің төрағасы С. Дауленов пен ҚК/б/п хатшысы Пазиковтерге ұсыныс жасалған.

Президентиуму президиума южно-казахстанского Обл
исполкома тов. Дауленову.


Копия: Секретарю южно-каза. Обкома КМ/б/п 1/3
тов. Пазикову.

В связи с исполнением в 1946 году 75 летия со дня
рождения популярного Казахского богатыря, чемпио
мира французской борьбы Хаджи-Мухана Мунайтбасова, которое совпадает
с 55 летием его богатырской деятельности, из Чиликского с/с и
колхозников "Актабе". 197У-1946-года поступило ходатайство об установ-
лении персональной пожизненной пенсии по старости лет Хаджимухану
в сумме 500 рублей в месяц, а двум сыновьям Кулумбету - рождени
1938 года и Айдархану рождени 1940 года по 250 рублей в месяц
по окончании им среднего учебного заведения.

Ходатайство мотивируется тем, что Хаджимухан давно потерял
свою работоспособность. Зубов-нижних не имеет, ходить палочкой не
может. Семья большая, состоит из пяти малолетних детей от 6 до 12
лет, жена полудохла, в семье никто не работает.

Хаджи-Мухан боролся 35 лет и во всех этих единоборствах,
происходивших между борцами всего мира - Франции, Англи, Германии,
Австрии, Японии, Египта, Турции и других стран, он совместно со
своими любимыми учителями и другом "М. Поддубным" всегда отстаивал
честь и веру России. Во время Великой Отечественной Войны Хаджи-
Мухан получил "благодарность" со стороны тов. Сталина, отдал на постр-
ойку Самолета 100 тысяч рублей. В связи с 25 летием Кав. ССР
Хаджи-Мухан награжден Орденом "Знак почета".

Поддерживая инициативу колхозников и обществности Чиликского
участка, президиум Шаульдерского райисполкома и бюро РК КМ/б/п
ходатайствуют перед Южно-Казахстанским Обл исполкомом Советов
и Обкомом партии войти с специальным ходатайством передате-
правительством Казахстана об установлении Хаджи-Мухану пожижан-
ной пенсии хххххххххх по 500 руб. в месяц, а также двум его мало-
летним сыновьям Кулумбету и Айдархану персональной пенсии до
окончания им средней школы.



Бұл ұсынысқа осы кезде Қажымұқан туралы кітап жазуға келген Ә. Қоңыратбаев та Ғылым Академиясының атынан қол қояды.

Бұларға қосымша Оңтүстік Қазақстан облыстық Дене тәрбиесі және спорт комитетінің төрағасы Напольнова мен Жазушылар одағының облыстық комитетінің төрағасы Малкаров та мәлімет жібереді.

8

Д а н н ы е
о профессиональной деятельности борца-победителя Хаджимухана
М у н а и т б а с о в а.

160

Хаджимухан М у н а и т б а с о в родился в 1870 г. Происходит из казахской семьи Акмолинской области. В последние годы живет в Чилинском сельсовете Шаульдерского района, Южно-Казахстанской обл.

Свою силу Мунанитбасов воспитал в батрачествах, при чем батрачки он с детства. Испытание силы он почувствовал ударив своим кулаком и убив этим ударом лошадь купца, отказавшуюся тянуть воз с сеном во время бурана. Хаджимухан воз сена с трупом лошади притащил сам.

В молодости с 13 лет он учился в школе атлетики в Петрограде, Одессе, Гамбурге. С 19 лет начал выходить на борьбу в цирках. В общей сложности Хаджимухан Мунанитбасов провел 55 лет в борьбе, участвовал в единоборстве всего мира - Франции, Англии, Германии, Австрии, Японии, Египта, Турции и других стран. Он победил самых известных чемпионов по французской борьбе, достиг звания чемпиона мира по французской борьбе. Он много выступал в самых крупных городах Советского Союза, в зарубежных странах. Был в 24 городах Запада и Востока, при чем всегда являлся победителем в борьбе, с гордостью оставляя честь и славу народов России, затем Советского Союза.

Мунанитбасов много поработал в порядке общественности, помогая нуждающимся. Во время Великой Отечественной Войны он помогал семьям военнослужащих, как патриот Родины, он оказывал помощь Государству. Так, он сдал в фонд Государства - победы в 1944г. 18 пудов, в 1945г. - более 30 пудов зерна. В фонд обороны он сдал 100 тысяч рублей на покупку самолета, за что получил по телеграфу благодарность от Верховного Главнокомандующего Советского Союза Товарища СТАЛИНА. Средства эти Мунанитбасов получал путем своих гастролей по колхозам области.


В данное время он, уже имеет 75 лет, но все же участвует в общественной деятельности. Так например, Хаджимухан поднимает вопрос об освоении безводного Чилинского участка Шаульдерского района, где проживает он в данное время.

В настоящее время Хаджимухан Мунанитбасов, будучи 75 летнего возраста, неработоспособным, имея уже пожилую неработоспособную жену, нуждается сам в помощи в виду престарелого возраста.


У Мунанитбасова имеются два сына: один - Аударкен, родившийся в 1940г., уже сейчас в семилетнем возрасте выступающий в борьбе с более старшим поколением, второй сын - Мултанбет.

Председатель Областного
Обкома союза писателей

Наполева
Мамедов



Бұл құжаттарды тексере келе облыстық әлеуметтік қамсыздандыру орталығы зейнатақы тағайындауға материал жеткілікті, негіз бар деп қолдау білдірген.



Осы құжаттарға сүйеніп, облыстық атқару комитеті 1946 жылы 1 маусымда Қажымұқанға ай сайын 500 сомнан, балаларына 200 сомнан мектеп бітіргенше тұрақты зейнетақы мен жәрдемақы тағайындау туралы жоғарыға ұсыныс жасауға шешім қабылдайды.

Исполкома тов. Давуленову.

1342

РЕШЕНИЕ

Исполнительного Комитета «Жно» Казахского Областного
Совета депутатов трудящихся

г. Алматы 1 мая 1946 года.

« О предоставлении персональной пенсии
Профессионального борца МУНАИТЪАЛОВА
Аджимухана »

Рассмотрев материалы о профессиональной деятельности
Казахского борца - богатыря Шаульдерского района, «Жно» Казах-
ской области МУНАИТЪАЛОВА Аджимухана и принимая во внимание
его заслуги перед Родиной, как чемпиона-борца победителя на I
тяжелого 75-летнего периода, его ветродостоинство, 75-летний
возраст, большое семейное хозяйство, материальную обеспеченность,
Исполнительный Комитет Областного Совета депутатов трудящих
решает:

1. Возбудить ходатайство перед Советом Министров Казахской
ССР о назначении персональной пенсии:

- профессиональному борцу, орденскому Аджимухану МУНАИТЪА
СОВУ в размере пятиста рублей в месяц пожизненно.

2. Его двум сыновьям Аңдархану и Кудумбету - по 200 рублей
в месяц каждому до окончания обучения в одной школе.

Председатель Исполкома
Облсовета депутатов трудящихся / С. Дауленов /

Секретарь Исполкома
Облсовета депутатов трудящихся / А. Тедисов /

Важно: Сав. протон, часть-
Торолу военн.

ПРОТ-
КОПИЯ
ЧАСТЬ

Бұл ұсыныс ҚазССР Министрлер кеңесінің төрағасы Н. Ондасыновқа жолданады.

Президенти президенти Южно-казахстанского обл
исполкома тов. Дауленову.

КазССР
Еңбекшілер депутаттарының
Оңтүстік Қазақстан облыстық
Советінің Атықару комитеті

КазССР
ИСПОЛКОМ
Южно-Казахстанского областного совета
депутатов трудящихся

Чимкент, Советская № 32

№ 5-23

3 июня 1946 года 194 г.

ПРЕДСЕДАТЕЛЮ СОВЕТА МИНИСТРОВ КАЗАХСКОЙ ССР -
г. Ундасинову.

Препроводя решение Исполнительного Комитета Областного Со-
вета депутатов трудящихся и материалы, ходатайствуя о
назначении персональной пенсии профессиональному борцу -
инвалиду Хаджимухану Мунайтбасову и его двум
малолетним сыновьям Айдархану и Кулумбету.

Председатель Исполкома
Облсовета депутатов трудящихся С. Дауленов

Чимкент, облгостипография з. 4628

его двум сыновьям Айдархану и Кулумбету - по 200 руб.
в месяц каждому до окончания обучения в о. адв.

Бұл құжаттар Әлеуметтік қамсыздандыру министрлігіне жолданады.

Казак С С Р

МИНИСТРЛЕР СОВЕТИНІН
Істер Басқармасы

ССРО - СССР

Управление Делами
СОВЕТА МИНИСТРОВ
Казахской ССР

Алматы к. Үкмет Үйі.
г. Алма-Ата, Дом Правительства

13. июня 1946 г.
№ 38-8

Министру Социального Обеспечения КазССР
тов. Елюбаеву

Управление Делами Совета Министров посылает Вам хо-
датайство Исполкома Южно-Казахстанского Облсовета о на-
значении персональной пенсии профессиональному борцу, ор-
деноносцу Хаджимухану Мунайтбасову, для подготовки матери-
алов на рассмотрение Республиканской комиссии по назна-
чению персональных пенсий.

Прил: документы на 8. листах.

Зам. Управляющего Делами
Совета Министров КазССР Куварзин/

99
87-
т. фактис
17/1/74

Осы құжаттар негізінде ҚазССР Әлеуметтік қамсыздандыру министрлігінің еңбек зейнетақысын тағайындау комиссиясы Қажымұқанға 1 1946 жылғы 1 шілдеден өмір бойы ай сайын 500 сомнан зейнетақы тағайындауға шешім шығарады.

ЗАКЛЮЧЕНИЕ

о назначении персональной пенсии Республиканского значения.

1. Фамилия, имя, отчество Мукантбаев Кадомлиухан

2. Год рождения 1840

3. Адрес тип. жилищный с/р Шамшиерокин район Южно-Кав. обл

4. Группа инвалидности преклонный возраст

5. За какие заслуги назначается персональная пенсия красноарм. сражений «Знак Почета»

6. Получал ли пенсию ранее и в каком размере мог бы получить по другим основаниям 150

7. Семейное положение один

8. Какие награды орден, два ордена почт. (1854)

9. Имущественное положение нет

10. Место работы и склад не работает

11. Место работы мужа и склад _____

На основании постановления ВЦЕИ и СНК РСФСР от 20/V-1930 на назначении п/пенсии Республиканского значения право имеет

Нач. Отд. труд. пенсий
Министерства Соц. Обеспеч. Каз. ССР. *Ордина* /Мокина/.

ПОСТАНОВЛЕНИЕ КОМИССИИ:

Назначить пенсию в сумме 500р. с 1-го июля 1946
по истечении

В пенсии отказано по причине _____

ЧЛЕНЫ КОМИССИИ:

Райтбарь айында алтын жана казан
 на Кетин Сода

Председателю Исполкома Южно-Казахстанского
 Областа депутатов трудящихся
 тов. Даулетбаев

Управление Социального обеспечения Министрства
 Социального обеспечения Казахской ССР сообщает, что
 ввиду Мунайбаева, Кадровую часть направлено персональную
 пенсию Республиканской значимости в сумме 500 рублей
 месяц в 1-ю июля 1946 года посылается.

Для оформления пенсионного дела необходимо
 вложить в Министрства Соц. обеспечения Каз. ССР
 следующие документы: 1) две фото карточки
 формата паспорта, 2) справка о семейном
 положении и составе иждивенцев по фамилии, имени и отчеству,
 их возрастам и степени родства, 3) справку об имущественном
 положении одновременно с адресом жилищно-коммунального
 адреса его жилищно-коммунального хозяйства.

Начальник Упр.
 Кадровая часть

(Глидина)
 (Фокина)

153

5/III/46
 13-20

г. Чимкент, Исполком Южно-Казахстанского
 Областного Совета Депутатов
 трудящихся г.

Для оформления на персональную пенсию Респуб-
 ликанского значения профессионального борца
 ХАДИТМУ ХАНА Мунайбаева необходимо вложить в Ми-
 нистрство следующие документы: 1) две фото-
 карточки формата паспорта, 2) справку о семейном
 положении и составе иждивенцев по фамилии, имени
 и отчеству, их возрастам и степени родства, 3) справ-
 ку об имущественном положении и адресе жилищно-коммунального
 адреса его жилищно-коммунального хозяйства.

Нач. Упр. Соц. Обеспеч.
 Министерства Соц. Обесп. КазССР
 Нач. Отд. труд. пенсия

/Глидина/
 /Фокина/

Суратка.

147

берінгі осы суратка өзбекшілер
 депутаттарының төлемерінен
 олардың совет отқандық комитеті
 тіккен. Осы советтен ілешіні туы
 қызғанда жүрүм азамат
 Мухамбетов в Қанджымұхамет
 себебі селімен төлемерінен
 түрөзді.

Мухамбетов Қанджымұхамет 1874 жылы
 21 — 11 — Желі 39 1920 ж. туы
 31 — 1 — Андордан басқарып 1939 —
 4 — 2 — Қызға 1987 ж.

Қанджымұхамет
 Семей қаласында
 Семей қаласында
 Семей қаласында

Секретарь: Абдуллин

Қажымұқанның отбасы туралы «Қызыл Ту» колхозы әкімшілік орнының берген анықтамасы

Шехов
 №3-18
 16/12-47.
 10455

Ком. Кас. обл.
 т.в. Мухамбетову К. Мамыр
 № 2, К/З «Меншік отқандық»
 Армавир қна қонақ-қас. обл.

Министерство Социального обеспечения КазССР для
 отов. выносит при решении вопроса за № 1253, полу-
 ченно просим подтвердить.


Армавир: Уполномочен.

Зав. отделом пенсионного
 обеспечения ИСО КазССР


И. И. И. И. И.

И. И. И. И. И.


Қажымұқанға зейнетақы беретін №1253 кітапша 1947 жылдың 16 қыркүйегінде жіберілген.



Қажымұқанның 1946 жылдың жазында Шәуілдір ауданы Ақтөбе колхозынан Арыс ауданы Ленин Туы колхозына көшіп кетуіне байланысты зейнетақы төлеу кітапшасы Қажымұқанға кешігіп табыс етілген сияқты.



Қажымұқанға ай сайын 500 сом зейнетақы алуға құқық беретін №1253 зейнетақы кітапшасы 1946 жылғы 2 қарашада екінші қайтара жіберілген.



Қажымұқанның зейнетақысын 1946 жылдың 1 қазанынан бастап 500 сомнан 700 сомға көбейту туралы 1947 жылғы 13 қаңтарда №1 қаулы қабылданған.

131

Выписка из протокола заседания комиссии по назначению перс. и академ. пенсий Респ. значения При Совете Министров КазССР от 13/1-47г №1

Председатель - Буданцев
Секретарь - Мендыбаева

1755 СЛУШАЛИ: Пересмотр размера персональной пенсии Республики значения популярного борца, награжденного орденом "Знак Почета" Мунайтобаева Хаджимухана. Пенсия назначена в размере 500 руб. в месяц.

ПОСТАНОВИЛИ: Увеличить размер персональной пенсии гр. Мунайтобаеву Х. до 700 руб. в месяц с 1/Х-46г.

*См. указ
о выпл. 500 руб*

Верно: _____ /Т. Мендыбаева/

Қажымұқан қайтыс болған 1948 жылғы тамызда 500 сом зейнетақы тоқтатылған.

157

В Ы П И С К А

из протокола заседания комиссии по назначению персональных пенсий республиканского значения от 2/1X-48 года

Председатель Шарипов
Секретарь Притула

2960. СЛУШАЛИ: Снятие с персональной пенсии республиканского значения пенсионера Мунаттбаева Хаджимухана в связи с его смертью.


ПОСТАНОВИЛИ: В связи со смертью персонального пенсионера республиканского значения Мунаттбаева с пенсии снять с 1/1X-1948 года в сумме 500 рублей.

Председатель Шарипов
Секретарь Притула

В е р н о :

Ал Қажымұқанның ұлы Айдархан жәрдемақыны 1961 жылдың аяғына дейін алып тұрған екен.

Мына құжаттардан белгілі болып тұрғандай, Мінәй апа №1253 пенсия кітапшасымен 1961 жылы ұлы Айдархан 21 жасқа келгенше, Қажымұқан қайтыс болғаннан 13 жылдан кейін де жәрдемақы алып тұрған.



Біз үшін ең негізгісі, Қажымұқан өмірінің соңғы жылдарында зейнетақы алып тұрғаны. Ол ешқандай қаржылай да, материалдық тапшылық көрмеген.

1957-1959 жылдары Қажымұқанның әйелі баласына сол кез үшін өте жоғары дербес зейнетақы алғандығын (айтуынша 120 сом) көзбен көрген, сол кезде Шәуілдір аудандық Сберкасса филиалында кассир болып жұмыс істеген Маханбетов Әбутәліп деген қария қазір де бар. Ә. Маханбетов өзі сол кезде 45 сом ғана айлық алады екен. Аты есінде жоқ, шамамен 40 жастар шамасындағы әйел, Бибіжан апа болуы керек. Бұл кезде Мінәй апа ұлы Айдарханмен Арыс ауданының Темірлан ауылында тұратын. Ал Шәуілдір ауданының Ақтөбе ауылында ұлы Жанәділмен Бибіжан апа тұрған.

Қажымұқан 1947 жылдың желтоқсан айында ССРО-да ақша реформасы болғанда Арыстағы банкке барып, бір қап ақша ауыстырған.

Бекжан БЕЙСЕНБАЙ, зерттеуші